



Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастыру мен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 180 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 21 мамырда № 7675 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 84 бұйрығымен

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 26.01.2016 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастыру мен жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (К.Б. Елеусізова) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуінен кейін, оның ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр **A. Жұмағалиев**  
Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрінің

2 0 1 2            ж ы л ф ы            1 7            с ә у і р д е г і

№            1 8 0            б ү й р ы ф ы м е н

бекітілген

**Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастыру және жұмыс істеу қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастыру және жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Занына сәйкес әзірленді.

Қағидалар ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар (бұдан әрі – АР) мен ұлттық ақпараттық жүйелерді (бұдан әрі – АЖ), ақпараттық-коммуникациялық желілердің (бұдан әрі – АКЖ) қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін анықтайды.

2. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ, АКЖ қалыптастыру және жұмыс істеуі мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін сақтап қалу;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

## **2. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ, АКЖ қалыптастыру тәртібі**

3. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар, жұмыс істеуінің тоқтауы немесе бұзылуы елдің қорғанысы, қауіпсіздігі, халықаралық қатынастары, экономикасы, шаруашылығының немесе инфрақұрылымының жекелеген салалары үшін не халықтың тыныс-тіршілігі үшін төтенше жағдайға немесе айтарлықтай келеңсіз салдарға әкелетін мемлекеттік электрондық АР мен АЖ қалыптастырылады.

4. Мемлекеттік органдар жыл сайын 30 маусымға дейін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) электрондық АР мен АЖ ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ анықтау туралы мынадай құжаттарды ұсына отырып ұсыныстарды енгізеді:

еркін нысандар өтініш;  
электрондық АР мен АЖ сипаттамасы;

техникалық құжаттаманың бар болуы туралы (техникалық-экономикалық негізде, техникалық тапсырма, техникалық ерекшелік), сондай-ақ, электрондық АР мен АЖ өнеркәсіптік пайдалануға берілуі туралы мәліметтер;

электрондық АР мен АЖ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкес келу атtestатының көшірмесі.

5. Уәкілдемінде органының жаңында құзыретіне Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін электрондық АР мен АЖ стратегиялық манызын анықтау кіретін комиссия құрылады.

6. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ тізбесі "Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы № 863 қаулысымен бекітілген.

3. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ, АҚЖ жұмыс істеу тәртібі

7. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының, "Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 174 Жарлығының және осы Қағидаларының талаптарына сәйкес қорғалуға жаңатады.

8. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ, АҚЖ ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жүйесі өзінің электрондық АР, АЖ және АҚЖ қорғауға мемлекеттік органның көз-қарасын айқындайтын қауіпсіздік саясатының талаптарына сәйкес іске асырылады.

9. Ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ, АҚЖ қорғаудың бағдарламалық-аппараттық құралдары:

қалыптастыру, пайдалану, өндеу, беру және сақтау кезінде деректердің тұтастығын;

Рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғауды, ұлттық электрондық АР мен ұлттық АЖ толықтырулар мен өзгерістер енгізуі; деректерді резервтеу мен қалпына келтіру жүйесін; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің тұтастығы мен жұмысқа қабілеттілігін бақылауды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК